

ХАТТАМА №
"Отбасы банк" АҚ
Қоғамдық кеңесінің отырысы

Алматы қ.

23 қазан 2024 жыл

Отырыс өтетін орын: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абылай хан даңғылы, 91, онлайн

Отырыстың басталуы: 15 сағат 00 минут.

Отырысқа қатысқандар:

- 1) Айнагүл Музафар - "RUKHTYLAR" қоғамдық қорының төрағасы, Қоғамдық кеңестің мүшесі (онлайн);
- 2) Руслан Тұрысбеков - "Үнсіз қалма жетім бала" ҚҚ төрағасы, Қоғамдық кеңестің мүшесі (онлайн);
- 3) Нина Лукьяненко - Қазақстан риэлторларының өзін-өзі реттейтін қауымдастығы президентінің кеңесшісі, жылжымайтын мүлік саласындағы сарапшы, Қоғамдық кеңестің мүшесі (онлайн);
- 4) Аида Досаева - өзін-өзі ұсынушы, стратегиялық коммуникациялардағы сарапшы, Қоғамдық кеңестің мүшесі (офлайн);
- 5) Айнаш Есәлі - өзін-өзі ұсынушы, "Егемен Қазақстан" газетінің журналисі, Қоғамдық кеңестің мүшесі (онлайн);
- 6) Ләззат Ибрагимова - "Отбасы банк" АҚ Басқарма төрағасы (бұдан әрі-Банк), Қоғамдық кеңестің мүшесі (офлайн);
- 7) Жансұлтан Матай - "Отбасы банк" АҚ Басқарма төрағасының орынбасары, Қоғамдық кеңестің мүшесі (онлайн);
- 8) Зәуре Масғұтова - Банктің баспасөз қызметінің директоры, Қоғамдық кеңестің мүшесі; (офлайн);
- 9) Наталья Кутлина - Банктің баспасөз хатшысы (офлайн);
- 10) Жанар Жолтаева - Банктің баспасөз хатшысы (офлайн);
- 11) Бақытгүл Төкешова - Банктің баспасөз қызметінің PR-менеджері (офлайн).

Қатыса алмады:

- 1) Бекнұр Кисиков - өзін-өзі ұсынушы, Қазақстан ҰЕҰ академиясының жаттықтырушысы, Қоғамдық кеңестің мүшесі;
- 2) Полина Шиманская - өзін-өзі ұсынушы, тәуелсіз журналист, блогер, Қоғамдық кеңестің мүшесі;
- 3) Акмарал Шатемірқызы - өзін-өзі ұсынушы, мұғалім, Қоғамдық кеңестің мүшесі;

Отырыстың басында Банктің Басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова Қоғамдық кеңес мүшелеріне (бұдан әрі – Кеңес) жиынға қатысқандары үшін алғысын білдірді. Отырыс барысында келесі мәселелер қаралды:

1. Кеңес төрағасын сайлау;
2. Кеңес туралы ережені бекіту (ереженің жобасын жұмыс тобы әзірледі);
3. Банктің 2024 жылғы қызметінің қорытындылары мен 2025 жылға арналған жоспарларын талқылау.

Талқылау қорытындысы бойынша шешім қабылданды:

- 1) кеңестің төрағасы етіп Аида Досаеваны, өзін-өзі ұсынған және стратегиялық коммуникациялар жөніндегі сарапшыны сайлау;
- 2) Кеңес туралы ереже бекітілсін.
- 3) Кеңес хатшысының кандидатурасы Төкешова Бақытгүлге бекітілсін.

Кеңес отырысында "Үнсіз қалма жетім бала" ҚҚ төрағасы және Кеңес мүшесі Руслан Тұрысбеков Банктің Басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимоваға бірқатар ұсыныстар айтты. Олар "От ау" және "Наурыз" бағдарламалары шеңберінде бастапқы жарнаны 10%-ға дейін төмендетуге, "жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар" санаты бойынша тұрғын үй кезегіне тұрған азаматтарға тұрғын үй сертификаттарын беруге, сондай-ақ "жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар" санаты бойынша тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар үшін жаңа тұрғын үй бағдарламасын ашу мәселелерін қарастыруды ұсынды.

Банк Басқармасының төрағасы Ләззат Ибрагимова келесі жылы "Наурыз" бағдарламасына өзгерістер енгізу жоспарланып отырғанын хабарлады. Олар бастапқы жарнаға қатысты болады. Егер осы тұрғын үй бағдарламасына қатысушы таза әрлеуде бастапқы тұрғын үйді сатып алуды таңдаса, онда ол тек 10% мөлшерінде бастапқы жарна болған жағдайда қарыз ала алады.

Тұрғын үй сертификаттарын бөлуге қатысты Банктің Басқарма Төрағасы жергілікті әкімдіктердің қайтарымызсыз қаржылық көмегі туралы айтып отырғанын атап өтті. Қаражат олардың бюджетінен бөлінеді, ал тұрғын үй сертификаттарын алушылар санаттары мәслихатта айқындалады.

"Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар" санаты бойынша тұрғын үйге кезекте тұрғандар үшін жеке тұрғын үй бағдарламасын іске қосу бойынша мәселені 2025 жылдың бірінші тоқсанында өтетін Кеңестің келесі отырысында талқылау ұсынылды. Кезекті отырыста Кеңес мүшелері Банктің 2024 жылғы жұмысының қорытындыларын қарайды. Сондай-ақ, Ләззат Ибрагимова мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру аясында биыл 2000-ға жуық жетім бала жеңілдетілген заемдар алып, қоныс тойын атап өтетінін хабарлады.

Қазақстан риэлторлары өзін-өзі реттейтін Қауымдастығы Кеңесінің мүшесі және Президентінің кеңесшісі Нина Лукьяненко: "Банктен аралық заем алу үшін бағалау көрсеткішінің мөлшерін өзгерту күтіле ме?" деп, Банктің әлеуетті клиенттерінің атынан сұрақ қойды. Басқарма төрағасы 2025 жылы аралық заем бойынша шарттар өзгермейтінін айтты.

"RUKHTYLAR" қоғамдық қорының төрағасы Айнагүл Музафар мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде берілетін жеңілдікті қарыздардың санын көбейтуге бола ма -деп сұрады. Ол тұрғын үйге кезекте тұрғандардың көбі бірнеше жылдан бері тұрғын үй мәселесін шешуді күтіп отырғанын атап өтті. Бірақ тұрғын үй тапшылығына байланысты кезек баяу қозғалатынын жеткізді.

Ләззат Ибрагимова тұрғын үйге кезекте тұрғандар 2023-2029 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы шеңберінде 2% (ЖТСМ 2,0%-дан 2,1%-ға дейін) және 5% (ЖТСМ 5,2%-дан 5,8%-ға дейін) мөлшерлемелері бойынша жеңілдікті заемдар алып, пәтер сатып ала алады деп жауап берді. Отбасы банк - осы тұжырымдаманың операторы. Мемлекет тұжырымдаманы қаржыландыруға ақша бөледі. Биылғы жылы тұжырымдама шеңберінде тұрғын үйге кезекте тұрғандар үшін 5 746 заем берілді. Берілген қарыздардың саны бағдарламаны қаржыландыруға, сондай-ақ әлеуметтік тұрғын үйді пайдалануға беруге байланысты. Бұл тұрғын үйлер жергілікті әкімдіктер желісі бойынша салынууда.

Сондай-ақ, Банк мемлекеттік оператор ретінде жеке тұрғын үй қорынан азаматтар жалдаған тұрғын үй үшін жалдау ақысының жартысын субсидиялау бағдарламасын іске асырады. Мемлекеттік қолдаудың бұл түріне отбасының әрбір мүшесіне табысы 1 ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын (43 407 теңге) қазақстандықтар үміткер бола алады.

Ләззат Ибрагимова "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң қабылданғаннан кейін Банк даму институтына айналатынын және тұрғын үйді есепке алуды, қоюды және бөлуді орталықтандырылған түрде жүзеге асыратынын атап өтті.

Кеңес отырысының соңында Аида Досаева Банк қазақстандықтарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету бойынша ауқымды жұмыс жүргізіп жатқанын атап өтті. Айнагүл Музафар қазір банкке қазақстандықтардың көпшілігі, оның ішінде тұрғын үйге кезекте тұрғандар да сенетінін айтты. Бұған Банктің ашық жұмысы ықпал етеді.

Қоғамдық кеңесінің
Төрағасы



А. Досаева

Қоғамдық кеңесінің хатшысы



Б. Төкешова